

A. Ж. ҚАИРБАЕВА, A. M. ЖҰМАШ

(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан)

ИНФОРМАТИКА МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация. Мақалада болашақ информатика мамандарын кәсіби дайындауда ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу технологиясын қолдану арқылы олардың кәсіби қызметінде ақпараттық-компьютерлік біліктіліктер жүйесін қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: ақпараттық-компьютерлік, ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу технологиясы, жаңа технология.

Ключевые слова: информационно-компьютерный, технология математического и информационно-компьютерного моделирования, инновационные технологии.

Keywords: information and computer, technology and mathematical information and computer modeling, innovative technology.

XXI ғасырда болып жатқан білім мен ғылым саласындағы түбегейлі өзгерістер болашақ мұғалімдерді даярлауда, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер мен талаптар қойылып отырғаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылды 27 қантардағы «Өлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауындағы: Білім беру жүйесін жаңғыру ту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет, XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хак. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және біліктілікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтында болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алушына кепілдік беруіміз қажет», – деген болатын. Жоғары білім алу, ол тек қана маманға білім, іскерлік және дағды ғана емес, сонымен қатар индивид қалыптастыру болып табылады. Яғни, болашақ маман жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту керек [1].

Информатика мамандарын инновациялық технология негізінде даярлау үшін оларда ең алдымен практикалық іс-әрекет барысында пайда болатын мәселелерді формальды сипаттау дағдыларын, яғни ақпараттық-модульдік әдістер туралы кәсіби білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Ақпараттық проблеманың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-

экономикалық факторларға байланысты және бұл проблемаларды техникалық құралдармен де, жеке адамның, топтасқан қауымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де шешуге болады. Осы тұрғыда болашақ мұғалімдердің ақпараттық ой-өрісін, мәдениетін дамыту және олардың ақпараттық технологияларды менгерумен қатар оларды жасау іскерлігін, дағдыларын қалыптастыру проблемасының көкейкестілігі күннен-күнге арта түсүде. Болашақ маман ақыл-ойын, ұлттық таным-сенімін және бойындағы шығармашылықты дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруда жаңа технологиялық іс-әрекеттердің алдын орны ерекше болады.

Инновация ұғымы орыс тағыларды В. И. Загвязинский, Лазерова, Днепрованың енбектерінде 90-жылдардың бас кезінде пайда бола бастады. «Инновация» термині латын тілінен алынған, ол «жанару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдіреді. «Инновациялық технологиялар» тіркесі бүгінгі күні педагогикада, оку-тәрбие үрдісінде ең жиі қолданылатын ұғым болып отыр [2].

Жаңа технологияларды менгеру болашақ мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына иғі өсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оку үрдісін ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технология ұғымы колданылғанда құлағымызға жиі естіліп жүргенімен, оның іс-әрекеттегі әдіснамасы бұлдырылау. Аталған бұлдырылыштың басты себеп-салдары төмөндегідей:

- бір технологияны менгеру үдерісінде қабылдаушы тұлғаның психологиялық жадынамасының мүмкіндігі ескерілмей келеді;
- технологияға жетілу үшін класикалық және инновацияға қызмет етер деген әдістерді саналы менгеру парқын елемеу кездеседі;
- технологияның бір ғана нұсқасын менгерушілікпен шектелуінің себептерін ашуға мән бермеудің байқалуы;
- менгерген технологияны сыни пайыммен зерделеп, іс-әрекет үдерісінде өнімді нәтижеге апару-апарма барысын бағамдаудың жетімсіздігі.

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың әдістемелік негіздері жеткілікті әзірленген. Оларды пайдалану барысында Республикалық маман – жоғары құндылық болып саналады. Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алу [3].

Болашақ информатика мамандарын кәсіби даярлаудағы инновациялық технологияның түрлі әдіс-тәсілдері көнінен колданылып келеді. Болашақ мамандарға қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың кез келген жағдайда әртурлі ақпараттармен жұмыс істей білу іскерліктерінің болуы. Бұл орайда білім алушы өзінің практикалық әрекетінде алдына қойып отырған мәселенің шешімін анықтап, оның нәтижесін көру үшін ізденеді, игерген теориялық білімінің маңызын байқайды, оны есіне түсіреді. Себебі жаңа педагогикалық технологиялар болашақ информатика мамандарын әлеуметтік немесе кәсіби мамандығына байланысты маңызды проблемалардың туындалып отыруын талап етеді. Осындай мәселелер болашақ маманның танымдық, рухани ой-өрісін дамытуға, өмірдің түрлі жағдайына икемделуіне мүмкіндік жасау қажет. Яғни мәселе мен оның практикалық тұрғыдан іске асуының қарым-қатынасы болашақ мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіруде жаңа педагогикалық технологиялардың білім беру жүйесіндегі басты ерекшелігін көрсетеді.

Қазіргі таңда болашақ мамандардың кәсіби білімін жетілдіруде маманнның әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды. Себебі жоғары оку орнын бітірген жас маман бірден кездескен қынышылықтар мен проблемаларды тәжірибесі аз болғандықтан шеше алмайды. Сонымен қатар болашақ маманның сыни ойлау қабілеттері де қалыптаса қоймайды. Шынында да, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады. Бәсекеге түсken маман, қандай жағдай болмасын, соған бейімделіп, өзінің мәселені шеше алатындағы қабілетін, мүмкіндігін, икемділігін көрсете алу қажет. Соңдықтан да қазіргі кезде болашақ мұғалім, болашақ маман дайындау, бұл қоғам үшін, еліміз үшін үлкен жауапкершілік әкеліп отыр. Болашақ информатика мамандарын инновациялық, яғни жаңа технология арқылы оқытуға байланысты, маман деңгейі соған сай болуы керек:

- 1) Мұғалім педагогикалық этикаға сай болуға;
- 2) Мұғалім мемлекеттік стандартты білуге;
- 3) Мұғалім әдістемелік сабак талдауды менгеру керек;

-
- 4) Мұғалім педагогикалық озық тәжірибесімен танысуы;
 - 5) Оқытудың тиімді жолдарын қолдану;
 - 6) Педагогикалық жөні жайлы хабардар болу керек [4].

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесіндегі инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді. Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін, өмір сүріп жатқан біз үшін екенін түсіну керек. Сондықтан да қоғамда болып жатқан өзгерістер, білім беру жүйесінде жаңалыққа тартады. Болашақ маман дайындау, бұл әрине мұғалімге байланысты. Мұғалім ол тек мектептеғанда емес, ол бүкіл елдің ұстазы болып табылады. Оқушыларды оқытуда мұғалімнің негізгі міндеті – ол сапалы да білікті маман дайындау. Әрбір оқушы өзінің жинақтаған білімі мен біліктілігін болашақта іске асыруы қажет.

ӘДЕБІЕТ

1 Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы 2012 жыл «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты».

2 <http://kk.wikipedia.org/>

3 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Фылым, 1990.

4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны. – Астана, 2004.

REFERENCES

1 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan 2012 god «Social'no ekonomicheskaya modernizaciya – glavnij vector razvitiya Kazakhstana» (in Russ).

2 <http://kk.wikipedia.org>

3 Koncepciya razvitiya obrazovaniya Respubliki Kazakhstan do 2015 goda. – Almaty: Nauka, 1990 (in Russ).

4 Zakon Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii». – Astana, 2004 (in Russ).

Резюме

A. Ж. Каирбаева, A. M. Жұмаш

(Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан)

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ИНФОРМАТИКИ

В статье был рассмотрен вопрос формирования в профессиональной деятельности будущих преподавателей системы информационно-компьютерных квалификационностей, при использование технологии математического и информационно-компьютерного моделирования в их профессиональной подготовке.

Ключевые слова: информационно-компьютерный, технология математического и информационно-компьютерного моделирования, инновационные технологии.

Summary

A. Zh. Kairbaeva, A. M. Zhumash

(Almaty technological university, Almaty, Kazakhstan)

INNOVATIVE TECHNOLOGY IN VOCATIONAL TRAINING INFORMATION

This article was considered in the formation of future professional activity of our faculty information and computer-qualification, with the use of technology and information and mathematical simulation in their training. And also, forming important social and professional competence of the expert at improving vocational education of future specialists. The learning process is based on the methodology of innovative technologies in the professional preparation of specialists Informatics.

Keywords: information and computer, technology and mathematical information and computer modeling, innovative technology.

Поступила 27.03.2014 г.